

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің "Республикалық терминология комиссиясы туралы" 2024 жылғы 18 наурыздағы № 116 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2026 жылғы 20 сәуірдегі № 196 бұйрығы

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына сәйкес, Республикалық терминология комиссиясының құрамын өзектендіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің "Республикалық терминология комиссиясы туралы" 2024 жылғы 18 наурыздағы № 116 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

Республикалық терминология комиссиясының көрсетілген бұйрықпен бекітілген құрамы осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жана редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

С. Нұрбек

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрінің
2026 жылғы 20 сәуірдегі
№ 196 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрінің
2024 жылғы "18" наурыздағы
№ 116 бұйрығына 1-қосымша

Республикалық терминология комиссиясының құрамы

--	--	--	--

1.	Төраға	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министрі.
2.	Төрағаның орынбасары	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы.
3.	Хатшы	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитеті Лингвистикалық жұмыс басқармасының басшысы.
Қоғамдық-гуманитарлық бағыт		
4.	Ақынбекова Динара Нұрғалиқызы	экономика ғылымдарының кандидаты (келісім бойынша).
5.	Байменше Серікқали Ердіғалиұлы	филология ғылымдарының докторы (келісім бойынша).
6.	Жұмағали Алмас Қабдымәжитұлы	заң ғылымдарының кандидаты, философия докторы (PhD) (келісім бойынша).
7.	Қамбар Бакытгүл	экономика ғылымдарының кандидаты (келісім бойынша).
8.	Қамзабекұлы Дихан	филология ғылымдарының докторы (келісім бойынша).
9.	Құлманов Сәрсенбай Қуантайұлы	филология ғылымдарының кандидаты (келісім бойынша).
10.	Құрманбайұлы Шерубай	филология ғылымдарының докторы (келісім бойынша).
11.	Махамбетова Айгүл Көбейсінқызы	құқық магистрі (келісім бойынша).
12.	Омашұлы Дәуітәлі	журналист, аудармашы (келісім бойынша).

13.	Сыздық Болат Кенелұлы	заң ғылымдарының кандидаты (келісім бойынша).
14.	Төлегенов Мұхит Жылқайдарұлы	"Философия және дінтану" мамандығы бойынша философия докторы (PhD) (келісім бойынша).
Жаратылыстану-математика бағыты		
15.	Абдрахманов Сауытбек Абдрахманұлы	филология ғылымдарының докторы (келісім бойынша).
16.	Айдарбек Қарлығаш Жамалбекқызы	филология ғылымдарының докторы (келісім бойынша).
17.	Әлісжан Сарқыт Қалымұлы	филология ғылымдарының докторы (келісім бойынша).
18.	Бажықова Күлзада Бегалықызы	химия ғылымдарының кандидаты (келісім бойынша).
19.	Ерғазина Марал Жүнісбекқызы	медицина ғылымдарының кандидаты (келісім бойынша).
20.	Жонкешов Бауыржан Сейсенбекұлы	филология ғылымдарының кандидаты (келісім бойынша).
21.	Иманкүл Төлеухан Шойбасұлы	физика-математика ғылымдарының кандидаты (келісім бойынша).
22.	Қарманов Тоғыс Досмырзаұлы	техника ғылымдарының кандидаты (келісім бойынша).
23.	Мамырбаев Өркен Жұмажанұлы	"Ақпараттық жүйелер" мамандығы бойынша философия докторы (PhD) (келісім бойынша).
24.	Сапаров Қуат Табылдыұлы	география ғылымдарының докторы (келісім бойынша).
25.	Шүкірғалиев Бекдәулет Темірболатұлы	"Физика және астрономия" мамандығы бойынша философия докторы (PhD) (келісім бойынша).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК